

**Осакаров ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 9 маусымдағы № 46/01 "Инватакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 28/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 сәуірде № 6375-09 болып тіркелді

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осакаров ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 9 маусымдағы № 46/01 "Инватакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28466 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осакаров ауданының аумағында инватакси қызметін алушылардың санаты келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) жүріп - тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 2) аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар;
- 3) Даун синдромы бар мүгедектігі бар балалар;
- 4) церебралды параличті бар мүгедектігі бар балалар."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Осакаров ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Осакаров ауданының әкімі*

*Р. Нурмуханбетов*